

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»
КЕАҚ Ғылыми кеңес отырысында
11.06.2024 ж. №11 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ**

**D060 – «Филология»
білім беру бағдарламалары тобына (8D02307 – Қазақ филологиясы)
докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы**

I. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. D060 «Филология» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға
арналған тақырыптар

«Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» пәні

Тақырып 1. Қазіргі қазақ тіліндегі терминжасам үдерісі. Ұлттық терминжасам. Терминдердің қолданыстық сипаты. Халықаралық терминдердің қолданысы. Терминологиялық лексиканы біріздендіру. Терминологиялық қорды толықтыру. Терминологияның бірыңғай электронды базасын құру. Терминдерді веб-сайттар мен порталдарға орналастыру.

Тақырып 2. Тілдің қоғамдық қызметі. Тілдің ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік қызметі. Тілдің даму заңдары. Тіл қызметінің басты ұстанымдары.

Тақырып 3. Қазақ тілі әліпбиінің өзекті мәселелері. Қазақ жазуының ерекшелігі. Әліпби мәселесі. Жаңа қазақ әліпбиі туралы ғылыми көзқарастар. Тілдік норма. Сингармонизм. Орфографияның негізгі принциптері.

Тақырып 4. Ақыметтану ілімі. Қазақ ақыметтану ғылымындағы негізгі ғылыми зерттеулерге шолу. А.Байтұрсынұлы еңбектерінің басты сипаты. А. Байтұрсынұлы қаламынан шыққан термин сөздердің мағыналық құрылымы мен уәждігі. А. Байтұрсынұлы еңбектерінің классикалық маңызы. А. Байтұрсынұлының реформаторлығының мәні.

Тақырып 5. Қазақ тілінің семантикасы. Қазақ тіліндегі сөз мағыналары, түрлері. Семантикалық зерттеулерге ғылыми талдау. Сөздің көпмағыналылығы мен оппозициялық қатынасы. Сөздің макро және микро мағыналары. Мағына түрлері туралы ғылыми көзқарастарға шолу. Синтагматикалық және парадигматикалық қатынас.

Тақырып 6. Қазіргі қазақ ономастикасы мәселелері. Ұлттық ономастика. Қазіргі қазақ ономастикасы. Ономастиканы нормаландыру мәселесі. Қазақ ономастикасындағы емле мәселесі.

Тақырып 7. Мәтін мен дискурс. Мәтінтану. Мәтінге тән белгілер. Мәтін құрылымы. Дискурс және мәтінлингвистикасы. Дискурс теориясы. Дискурс құрылымы. Қазіргі білім парадигмасындағы когнитивтік-дискурстық тәсілдер. Дискурстық тәсілдердің қолданыстық сипаты.

«Қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері» пәні

Тақырып 1. Фольклор. Фольклортану ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Фольклор, ауыз әдебиеті (ақын, жыраулар поэзиясы) мен жазба әдебиеттің ортақ белгілері мен ерекшеліктері. Фольклордың жанрлық жүйесі. Оның әдебиетпен үндестігі және айырмашылығы. Фольклордағы тарихилық. Фольклорлық проза. Ертегілік, аңыздық проза және оның түрлері. Миф, мифтік сана. Мифтік құбылушылық. Эпос және оның түрлері. Ұлттық фольклордың жиналуы, жариялануы мен зерттелуі.

Тақырып 2. Қазіргі қазақ әдебиеттануы, даму бағыттары мен теориялық негіздері. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа ағымдардың теориялық негіздері. Көркем мәтіндегі психологизм элементтері. Герменевтика және рецептипі эстетика. Автор, кейіпкер және оқырман мәселесінің әдебиеттану ғылымында зерттелуі. Әдебиет және дүниетаным негіздері. Мәдениет және әдебиет. Әдебиеттегі эстетикалық категориялар. Қазіргі ғылымдағы архетиптер мен археопоэтика. Әдебиеттегі уақыт пен кеңістік. Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер. Қазіргі ғылыми-техникалық дамудың жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері.

Тақырып 3. Әдебиеттану ғылымының негізгі бағыттары. Хронотоп туралы жалпы түсінік. Ауыз әдебиеті мен қазіргі ақын- жазушылар шығармаларындағы уақыт пен кеңістік. Көркем шығарманың пафосы. Әдебиеттанудағы психологиялық мектеп. Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау әдістемелерінің жемісі. Рецептивті эстетика теориясы. Әдеби шығарманың ішкі әлемі туралы түсінік. Мәдени таралық қарым- қатынас ғылым ретінде. Герменевтикалық дәстүр және оның мектептері. Аристотель, Пифагор, Платон, Аквинский, Кант еңбектеріндегі катарсис туралы ой-тұжырымдар. Көркем шығармадағы психологиялық талдау формалары мен көркемдік қызметі. Әдебиет поэтикасы: негізгі бөлімдері мен міндеттері. Қазіргі әдебиеттегі автор, кейіпкер және оқырман мәселесі және оның зерттелуі.

Тақырып 4. Әдебиеттанудағы дәстүрлі және жаңа ізденістер. Мифопоэтика және неомифопоэтика: қазіргі теория және практика. Мифопоэтикалық сананы зерттеудің жолдары: психоаналитикалық, юнгтік, дәстүрлі- мифологиялық (Б. Малиновский, Дж. Фрейзер), символдық (Э. Кассирер), этнографиялық (Л. Леви-Брюль), структуралистік (К. Леви-Строс, М. Элиаде, В. Тернер), постструктуралистік (Р. Барт, М. Фуко) т.б. Мифопоэтика орыс ғалымдарының еңбектерінде (В.Я. Пропп и О. М. Фрейденберг). Мифологиялық сюжеттер мен сарындарды көркем шығармаларда пайдалану. Неомифологизмнің негізгі белгілері. Неомифологиялық поэтиканы дамытудағы Қазақстан ғалымдарының зерттеулері. (С. Қасқабасов, Р. Бердібаев, Б. Байтанаев, Н. Келімбетов, Е. Тұрсұнов). Этимологизация және археопоэтика. Мәтінді микросемантикалық талдау. Интермедиялық талдау. Неофрейдизм және деконструкция. Қазіргі әдеби позитивизм. Қазіргі батысеуропалық феминистік таным мен Қазақстандағы әйелдер әдебиеттануы. Академиялық әдебиеттанудың негізгі бағыттары.

Тақырып 5. Әдеби компаративистика. Салыстырмалы әдебиеттанудың даму тарихы. Салыстырмалы әдебиеттанудың нысаны. Қазіргі салыстырмалы әдебиеттанудың негізгі даму тенденциялары. Әдеби компаративистиканың пәні мен әдісі. Сыртқы контактердің түрлері. Сыртқы контактілердің әдебиетке тигізер оң ықпалы. Әдебиетаралық ішкі байланыс түрлері. Салыстырмалы әдебиеттанудағы маргиналды ұғымы. М.Әуезов шығармашылығының маргиналдығы. Ф.И.Буслаев, М.П.Алексеев концепцияларындағы тарихи-салыстырмалы әдіс. В.М. Жирмунский, М.П.Алексеев, Н.И. Конрад, Г.И. Ломидзе, И.Г. Неупокоева секілді компаративист ғалымдардың іргелі еңбектері. М.Әуезовтің компаративистік зерттеулері. Қазақ әдебиетінің өзге әдебиеттермен байланысы.

Тақырып 6. Текстология. Әдебиеттегі көркем психологизмнің табиғаты. Текстология пәнінің зерттелуі. XX ғасыр текстологиясының негізгі түсініктері мен ерекшеліктері. Мәтінді зерттеудің кешенді тәсілі, контекст түсінігі. Жазушының ғылыми өмірбаяны текстологияның зерттеу аспектілерінің бірі ретінде. Текстология және әдебиеттанудың теориялық мәселелері. XX ғасыр текстологиясы. Әдебиеттегі психологизмнің мәселесінің зерттелуі. Психологиялық романның мазмұны мен құрылымындағы психологизм табиғаты. Психологизм түрлері, психологиялық мінездемелер. Психологиялық талдау тәсілдері мен негізгі принциптері. Қазақ әдебиетіндегі психологизмнің дәстүрлік арналары мен жаңа арналары.

«Қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары» пәні

Тақырып 1. Лингвомәдениеттану. Тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы. Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық бағыты. Лингвомәдениеттанудың негізгі ұстанымдары.

Тақырып 2. Прагмалингвистика. Прагматикалық тіл білімі. Прагматиканың ғылыми ұстанымдары. Прагмалингвистика және коммуникативтік жағдаяттар. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық сипаты.

Тақырып 3. Лингвокогнитология. Антропоэзектік парадигмадағы зерттеулер. Тілдің танымдық қызметі. «Концепт» ұғымы. Қазақ тіліндегі концептілердің зерттелуі. Когнитивтік стиль. Фразеологизмдердегі концептілік құрылым. Ұлттық-мәдени концептілер. Эмоционалды концептілер. «Тілдік тұлға» териясы, зерттелуі. Тілдік тұлғаның деңгейлік құрылымы.

Тақырып 4. Функционалды лингвистика. Функционалды грамматика. Функционалды лингвистика. Функционалды лингвистиканың негізгі ғылыми мектептері. Функционалды-коммуникативтік теориялар. Функционалды грамматиканың қалыптасуы, дамуы. Қазақ тіл біліміндегі функционалды грамматиканың зерттелу жайы

Тақырып 5. Қазақ тілінің лингвоэкологиясы. Лингвоэкология мәселелері. Лингвоэкологиялық жағдай. Лингвоэкологияның өзгеру, даму динамикасы. Лингвоэкология және медиакөңістік. Сөз мәдениетінің лингвоэкологиялық аспектілері.

Тақырып 6. Психолингвистика. Психолингвистика, нысаны, зерттелуі. Қазақ тіл біліміндегі психолингвистикалық зерттеулер. Психолингвистика әдістері. Психолингвистиканың негізгі ұстанымдары. Психолингвистикалық тәжірибе, түрлері.

Тақырып 7. Корпустық лингвистика. Корпустық лингвистика, зерттелуі. Корпустық лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. Корпустық лингвистиканың өзекті мәселелері. Қазақ тілінің ұлттық корпусы. Электронды мәтіндер, құрылымы, ерекшеліктері. Корпустық технология негіздері.

«Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары» пәні

Тақырып 1. Қазақ поэзиясының өткені, кешегісі, бүгіні және ертеңі.

Поэзиядағы жанрлық өзгерістер. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух мәселесі. Абай ойшылдығының қазіргі поэзияға әсер-ықпалы. XX ғасырдың 60-90 жылдарында қазақ әдебиетінің дамуы. М.Жұмабаев, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев, Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов, Ф.Оңғарсынова шығармашылықтарындағы ортақ қасиеттер мен ұқсастықтар. Қазіргі поэзиядағы отаншылдық рух мәселесі. Олжас Сүлейменов өнернамасындағы дала бейнесі, ұлттық рух, ұлттық егемендік сипаты. М.Шаханов, И.Ғайып, Т.Медетбек, Н.Оразалин, Е.Раушанов, Жұмекен Нәжімеденов шығармашылығы. Лирика мен поэманың арақатынасы. Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдық мәселесі. Жаңа мазмұн мен ескі форманың арасындағы үйлесімсіздік.

Тақырып 2. Қазіргі қазақ сатирасы. Деректі проза.

Оспанхан Әубәкіров, Жұматай Сабыржанов, Көпен Әмірбек, Кеней Таңдай, Мұхтар Шерім, Қажытай Ілиясов, Сейі Кенжеахметовтың сатиралық шығармалары. Шығармаларының тілі мен стилі. Метафоралық-образдық жүйесі. Уақыт шындығы мен көркемдік шындық. Сатира мен юмордың қарым-қатынасы. Қазіргі дәуірдегі деректі прозаның ерекшеліктері. Н. Оразалин, М.Есламғалиев, Н. Келімбетов, С. Негимов, Ә. Әзиевтің деректі прозалары. Шығармашылық зертханасы, суреткерлік шеберлік мәселесі.

Тақырып 3. Әдебиет сыны және оның қазақ әдебиетінде пайда болуы, дамуы, қалыптасуы.

20-30-шы жылдардағы әдеби сын. Ондағы негізгі бағыттар мен көркем шығармашылықтан талап ететін басты критерилер. Кеңес дәуіріндегі әдеби сынның қазақ әдебиетінің дамуындағы рөлі. Әдеби сынның ұлттық мұраларымызды зерттеу мен дамытудағы қызметі. Қазақ әдеби сынының өркендеу кезеңдері және көркемдік ізденістерді жан-жақты талдаудағы орны. Кәсіби сыншылықтың жетілуі және әдеби процесс. Сынның көркем шығармашылық процеске әсері. Қазіргі әдеби сындағы әр түрлі ұстанымдар. Қазіргі ғасырлар тоғысындағы тоқыраушылықтың сыры мен сипаты. Ұлттық әдеби сынның

болуы мүмкіндігі және оған ғылыми-деректілік тұрғысынан берілер жауап. Қазақ әдеби сынының қазіргі жай-күйі.

Тақырып 4. XX-XXI ғасыр қазақ прозасы.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасының, роман жанрының даму жолдары. Ә.Нұрпейісов, М. Мағауин, Т. Әбдік, А. Кемелбаева, Р. Мұқанова шығармашылығы. І.Есенберлин, Ә. Кекілбаев шығармаларындағы тарихи шындық пен көркемдік қиял. 1960-1990 ж. қазақ романдарының көркемдік-стильдік ерекшеліктері. 1960-1980 жылдарда қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбының игерілуі. Тәуелсіздік кезеңдегі романдардың ерекшелігі. Повесть жанрының қазақ әдебиетінде қалыптасуы мен дамуы. Қазіргі қазақ повесінің тақырыптық-идеялық негізі. Повесть жанрының болашағы туралы жаңаша пайымдаулар. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тақырыптық-идеялық ізденістер. С. Жүнісовтің, Т. Ахтановтың, Қ. Мұхаметжановтың драмалық шығармаларындағы тартыс пен конфликт. Д. Исабеков, С.Балғабаев, И.Сапарбай драматургиясы. Қазіргі қазақ әдебиет тарихындағы орыс тілді жазушылары мен ақындардың көркемдік-стильдік ерекшеліктері.

Тақырып 5. Постмодерндік тұжырымдамалардағы интертекстуалдылық және мәтін. Постмодернистік әдебиеттану. Мәтін және интертекст. Интертекстуалдылықтың постмодернистік әдебиетке әсері. Постмодернизм әдебиеті мен интертекстуалдылықтың шарттылығы. Ю. Кристева: мәтіндер арасындағы диалог туралы тезис және интертекстуалдылықтан транспозицияға дейінгі эволюция. Р. Барт және мәдени код түсінігі. Интертекстің шығармадағы қызметі. Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм. Интермәтіндік поэтика. Постмодернистік концепциялардағы мәтін. Т. Әсемқұлов шығармаларындағы интертекст.

Тақырып 6. Қазақ әдебиетіндегі әдеби-эстетикалық пайымдаулар. Қазақ әдебиетіндегі эстетика мәселесінің зерттелу деңгейі. Эстетикаға бүгінгі көзқарас. Ұлттық эстетика мәселесін зерттеудегі қазіргі пайымдаулар. А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың әдеби-эстетикалық көзқарастары. Философия және эстетика. Тарих және көркем бейнелеу. Әдебиеттің эстетикалық болмысы. Оның философиялық негіздері. Көркем шығармашылықтағы характер және психология. Әдебиеттің тәрбиелік қызметін арттырудың жаңа жолдары мен тәсілдері. Ұлттық сананы жаңаша тәрбиелеудің, өзгертудің амалдары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 744
3. Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – А., 1988.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
6. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана, 2001
7. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастистикасы. ҚР БЖҒМ мемлекеттік грифімен жазылған оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. -270 б.
8. Бахтин М., Волошинов В. Антропологистика. – Москва, 2010. – 256 стр.
9. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы: Қазақстан, 2014.
10. Бондарко А.В. Функциональная грамматика. - Л., 1984.
11. В. Фон Гумбольд. Язык и философия культуры. – Москва, 1985.
12. Городецкий Б.Ю. Компьютерная лингвистика: моделирование языкового общения. –Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIV, Компьютерная лингвистика. М., 1989.
13. Жұбанов А.Қ. Корпустық лингвистика. – Алматы: Қазақ тілі, 2017. – 336 б.
14. Рысберген Қ.Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы, 2011. – 328 б.

15. Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.

16. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва, 2001.

17. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Алматы Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.

18. Уәли Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 2018.

19. Дала фольклорының антологиясы: он томдық / ҚР Білім және ғылым м-гі, Ғыл. ком., М. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты; [құраст. С. И. Сәкен және т. б.; жалпы ред. басқ. К.І. Матыжанов]. - Алматы, 2019.

20. Дәдебаев Ж. Тақырып пен идея: зерттеу. – Алматы, 2015.

21. Жанұзақова Қ. Әдебиеттануға кіріспе. Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2015.

22. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; қазақ Университеті, 2002.

23. Ісімақова А. Қазақ әдебиеттануы. – Алматы, 2015.

24. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы, 2015.

25. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996.

26. Сейітжанов З. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы, 2016.

27. Темирболат А.Б., Кибальник С.А. Введение в литературоведение – Алматы, 2016.

Қосымша:

1. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті. 2014. –

2. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы: Наука, 1989.

3. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 2005.

4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы, 2014.

5. Оразов М. Қазақ тілі семантикасы. – Алматы, 2002.

6. Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 167 б.

7. Садирова Г. Дискурс талдау теориясы. Оқу құралы. – Алматы, 2021. – 180 бет.

1. Қазақ халық әдебиеті: 2 томдық хрестоматия/ Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [жалпы ред.Қ.Әбдешұлы ; құраст. С. Садырбайұлы]. - Өнд., толықт., 2-бас. - Алматы, 2015.

2. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы, 2015.

3. Қазақтың көне эпосы [құраст. З.Мейітжанұлы, П.Бисенбаев]. - Алматы, 2015.

4. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Алматы, 2015.

5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I-кітап. – Алматы, 2001.

6. Сүйіншәлиев Х.. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2002.

7. Хализев В.Е. Теория литературы. Учебник. 4-е издание – Москва, 2005.

8. Пірәлиева Г. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005 жж.). – Алматы, 2010.

9. Нурланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. – Алматы, 2018.

10. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. - 1-кітап. - Алматы, 2010. - 406-б.

11. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. - 2-кітап. - Алматы, 2010. - 719-б.

12. Ернарарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. Алматы, 2001. -193 б.

13. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы»

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001128>

14. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар (монография-оқулық) – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.

15. Тымболова А. Лингвокогнитологияның өзекті мәселелері. – Алматы, 2014. – 215 б.
16. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасу мен дамуы. –Алматы: Арыс, 2007
17. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі. – Алматы, ҚазҰУ баспасы, 2014.